

**«Қаратал орта мектебі» КММ 2021-2022 оку жылына арналған  
жұмыстық оку жоспары**

**Түсінік хат**

2021-2022 оку жылында мектептің білім алушылары мен тәрбиеленушілері келесі білім беру стандарты және оку жоспары мен оку бағдарламалары бойынша оку үрдісін жүргізеді:

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
2. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курсарының және факультативтердің ұлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» КР БFM 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы;
3. «Оқулықтардың, оку-әдістемелік кешендердің, оку құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» КР БFM 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы;
4. «КР БFM кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» КР БFM 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;
5. «Тиісті ұлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БFM 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
6. «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БFM 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» КР БFM 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596;
8. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» КР БFM 2016 жылғы 22 қантардағы №70 бұйрығы;
9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» КР БFM 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығы;
10. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» КР БFM 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
11. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оку процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» КР БFM 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;
12. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» КР БFM 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы КР БFM 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;
13. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны

- сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы КР БФМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
14. «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» КР БФМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
15. «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
16. «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
17. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» КР БФМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы;
18. «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;
19. Үлгілік оқу жоспарлары КР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген).
20. Таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады ( КР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы).
21. Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары (оқыту тілдері, бейіндері, оқыту түрлері бойынша) жалпы білім беретін мектептерге арналған – 12, оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша № 11-13 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №16-18 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейіне – 6 (оқыту тілдері және бейіндік бағыттар бойынша № 21-26 қосымшалар).

Осы құжаттардың негізінде әр оқу кезеңіне сай оқу жоспарлары құрылып, онда инвариантты және вариативті компоненттер ескеріліп, бекітілді. Соның негізінде келесі элективті курстар мен таңдау курсстары алынды:

«Жолда журу ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әдебиеттік оқу, музыка, бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінің аясында сынып жетекшісімен сабактан тыс мерзімде, сынып сағаттары есебінен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 5-9-сыныптарда дene шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дene шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады;

10-11-сыныптарда алғашқы әскери және техникалық дайындық оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабактары міндетті болып табылады және оқыту сабакы уақытында жүргізіледі.

Мектепте жалпы сыныптар саны –16. 14 сынып-жинақ бар. Бастауыш сатысында орыс тілінде оқитын бала саны аз болғандықтан 3 және 4 сыныптар, орта буында 5 және 7 сыныптар біріктіріліп оқытылады.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (элективті курс, жаһандық құзыреттілік және таңдау бойынша сабактар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, қазақ тілінде оқитын 1-сыныпта – 22(23) сағат, 2-сыныпта – 23 сағат, 3 сыныпта – 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағатты құрайды, ал орыс тілінде оқитын 1-сыныпта – 22 сағат, 2-сыныпта – 23 сағат, 3-сыныпта – 23 сағат, 4 сыныпта – 26 сағатты құрайды,

Бастауыш сатыда вариативті компоненттегі сағаттары төмендегідей ретпен бөлінді: таңдау бойыша сабактар қазақ тілі пәнінің мазмұнын толықтыруға, оқушының сауаттылығын арттыру мақсатында 3 «А» және 4 «А» сыныпта «Оқу сауаттылығы»;

тәнімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, ұлттық және спорттық ойындарды дамыту мақсатында 1 және 2 сыныптарға «Бес асық», 3 және 4 сыныптарға «Балаларға арналған үстел ойындары» енгізілді.

Негізгі орта буын оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі қазақ тілінде оқитын 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағатты құрайды, ал орыс тілінде оқитын 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 35 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 37 сағатты құрайды.

5-сыныпта вариативтік жүктемесі 2 сағат . Оның ішінде білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамыту мақсатында «Парасаттылық және әдеп» және орыс тілінде сауатты сөйлеу мен жазуын дамыту сипатында,«Жемчужина русского языка» және сынды элективті курстар;

6-шы сыныптың вариативтік оқу жүктемесі 2 сағат құрайды. Оның ішінде экологияның негізгі занылыштарымен таныстыру, өз деңсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды дамыту мақсатында «Экология» және оқушылардың шетел тілінде сауатты сөйлеу мен жазуын дамыту сипатында «Қызықты ағылшын»;

7-сыныпқа 2 сағат бөлінген. Соның ішінде ақпаратты сынни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспекттерін қамту мақсатында «Эмоционалды интеллект және сынни ойлау» курсы мен білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі мен қорытынды аттестаттауға дайындық мақсатында «Тарихи тұлғалар» курсары енгізілді.

8 сыныптың вариативтік оқу жүктемесі 2 сағатты құрайды. Оның 1 сағаты білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі мен қорытынды аттестаттауға дайындық мақсатында «Тарихи тұлғалар» курсына, 1 сағаты білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насиҳатты ажырата білуге үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» курстары берілді.

9 сыныпта вариативтік оқу жүктемесі 2 сағатты құрайды Вариативті компоненттен 9-сынып үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану» курсына 1 сағат апталық жүктеме берілді. «Дінтану негіздері» курсын тарих пәнінің мұғалімі жүргізеді. 1 сағаты білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі мақсатында «Тарихи тұлғалар» элективті курсына берілді.

Орыс тілінде оқитын сыныптарда оқушы саны аз болуына байланысты 5,6,7 сыныптарына ақпаратты сыйни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамту мақсатында «Эмоциональный интеллект и критическое мышление» курсы;

Орыс тілінде оқитын 8 сыныпқа білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насиҳатты ажырата білуге үйрету мақсатында «Медиаграмотность» курстары берілді.

Мектеп оқушылар мен олардың ата-аналарының сұранысын ескере отырып 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт таңдап алынды. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 10-сыныпта – 37 сағаты, 11-сыныпта – 35 сағаты құрайды. Жоғары сатыда вариативті компоненттегі сағаттарды төмендегідей ретпен бөлінді.

10 сыныпқа жаһандық құзыреттілік және таңдау курсы негізінен 1 сағат білім алушыларға кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйрету мақсатында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағат алғашқы әскери және техникалық дайындық бағдарламасын толық орындау мақсатында «Далалаң оқу жиынына», Функционалдық сауаттылықтарын дамыту және ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық мақсатында 1 сағат «Математикалық сауаттылық» пен 1 сағат химия пәнінен «Есептер шығару» таңдау курстарына берілген.

11 сыныпта ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық мақсатында «Қазақ тілі мен әдебиеті сабактарындағы функционалдық сауаттылық»-1 сағат, «Математикалық сауаттылық» -1 сағат;

Инварианттық компонент пәндері бойынша «Қазақстан тарихы», «География», «Биология», «Физика» таңдау курстарына 1 сағаттан берілді.

Танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, спорттық ойындарды дамыту мақсатында «Үстел тенисі» ойынына 1 сағат берілді.

ОІЖО  
Директор



Ж.Биханова  
С.Сексенов